

М.О.Әуезов атындағы ОҚМУ
“ТҮРКОЛОГИЯ” ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ

ҚАЗАҚТАНУ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ



№2 (42)
2018

КАЗАХОВЕДЕНИЕ
KAZAKH STUDIES

ҚАЗАҚСТАН

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

№ 2 (42) 2018

М. Әуезов атындағы Ғылым-зерттеу орталығы
ф.ғ.д., профессор Н. Келімбетов атындағы
«Туркология» ғылыми-зерттеу орталығы

2006 жылғы шілде айынан бастап шығады. Бір жылда төрт рет жарық көреді.

Редакция атақсыз:

Шығай Н. – т.ғ.к., ҚР ООМ директоры
Ерғос М. – т.ғ.д., профессор
Қолтағалиев М. – т.ғ.д., профессор
Мамеєва А. – т.ғ.д.
Мамеєханұлы Н. – т.ғ.д., профессор
Мамеєв С. – ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.
Мамеєметұлы М. – ф.ғ.д., профессор
Мамеєрлиев Б. – ф.ғ.д., профессор

Бас редактор:
Мамеєв Мұхитхан Ұмбетұлы
Бас редактордың орынбасары:
Қымыс Сейсенбай Жолағұлы

Редакциялық кеңес:

Әбусейітова М. – т.ғ.д., профессор
Байпақов К. – т.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Бегматов Ә. – ф.ғ.д., профессор (Өзбекстан)
Дербісали Ә. – ф.ғ.д., профессор
Жолағасбеков М. – ф.ғ.д., ҚР ЖМА академигі
Жүсіпов М. – ф.ғ.д., профессор
Кемеков Б. – т.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Қонқобаяв К. – ф.ғ.к., профессор (Қырғызстан)
Қайдар Ә. – ф.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Мамеєдов М. – ф.ғ.д., профессор (Әзірбайжан)
Молдабеков Ж. – ф.ғ.д., профессор
Мусаева Н. – филол., ф.ғ.д., профессор
Омарбеков Т. – т.ғ.д., профессор
Өмірзақов С. – ф.ғ.к.
Сартаев С. – з.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Татеев Д. – т.ғ.к., доцент

ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт

министрілігі

Ақпарат және мұрағат комитетінде
тіркелін, 2005 жылғы 5-қазанда №6366-Ж

қуәлігі берілген.
Журнал редакциясының мекен жайы:

Қазақстан Республикасы, Шымкент қаласы
М. Әуезов атындағы ОҚМУ
Қонаев даңғылы, 8-ғимарат, 426 бөлме.

проф. Н. Келімбетов атынд.

„Туркология“ ҒЗО

Тел.: 8-(7252) – 36 71 19. Сот: 8 701 171 3970.

E-mail: kazakhstan@mail.ru

turkologiya@mail.ru

Литература

1. Раджабова Л. Р. Использование компьютера в преподавании русского языка // Преподавание языка и литературы. 1999. № 3. С. 70.
2. Чирпак Э. Мини-ЭВМ при обучении глагольному управлению // Русский язык за рубежом. 1988. № 5.
3. Фарберман Б. Л. Портрессивные педагогические технологии. Т., 1999.

Мекембай Омаров шығармашылығындағы халықтық идеяның оқышларға ұлттық тәрбие берудегі ролі

Уразов Б.Т.

Гүлстан мемлекеттік университеті

Өзбекстанда туылып, қазақ тілінде қалам тебіренген Өмірзақ Қожамұратов, Аширмат Мұсаев, Файзолла Жұмакулов, Мекембай Омаров, Құлназар Ибрагимов, Мұрат Бекей, Бөрібай Оразымбетов, Үсен Өмірзақов, Ешматабет Көбеев, Лага Жұманова, Қараман Бетежанов, Боран Қыдыров, Айтуар Сабыров, Құлмахан Дүйсенов сияқты ақын-жазушылардың данқы көпшілікке таныс. Бұлардың шығармаларында Отанға деген махаббаты мен ел-жұртқа деген сенім-сезімдері бейнеленеді.

Өзбекстандық қазақ ақын-жазушыларының арасында өзіндік ерекшелігімен ажыралып тұратын қаламгерлердің бірі - Өзбекстан жазушылар одағының мүшесі, «Халық тәлімінің үздігі», үлкен талант иесі - Мекембай Омаров. Мекембай Омаров - аса көрнекті ағартушы-педагог, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі суырып салма ақын, сатирик, сондай-ақ «Төрткүл дүние», «Махаббат», «Атамекен», «Таудай бол», «Қазақтың 1001 мақал-мәтелі», «Шанышқылы шежіресі», «Ең тәтті алмалар» сияқты тағы басқа кітаптардың авторы ретінде оқырмандарымызға кеңінен танылған сөіз қырлы, бір сырлы жан. Халықтық идея Мекембай Омаровтың ғылыми танымдық кітаптары мен әдістемелік нұсқаулары, оқу құралдары мен оқулықтарында және көптеген макалаларында кеңінен баяндалған, ал оны зерттеу және тәлім-тәрбиелік жұмыста пайдаланып, келерге асыру - қазіргі кезде кезек күттірмейтін мәселенің бірі.

Мекембай жас ұрпақтың жан қуаттары мен ой жүйесінің дамуында бірнеше пәннің, әсіресе, «Оқу» пәнінің ықпалы әдебиетте екендігіне тоқталады.

Сонымен Мекембай Омаровтың тәлім-тәрбие тағлымдары арқылы мектеп оқушыларын қоғам талабына сай тәрбиелеп, олардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда ерекше орын иелейді. Оның халықтың идея тұрғысындағы мұраларындағы басты мәселелер: адам мен оның іс-әрекеті; олардың бойында кездесетін асыл да жақсы ұлттық қасиеттері; ата-ананың ұлттық тәрбие берудегі орны; мектеп пен ұстаздар ұжымының оған ықпалы; жалпы білім, ғылым, ақыл-парасат, тіл, сөз өнері т.б.

Мекембай Омаровтың кітабындағы тақырыптар табиғат құбылыстарын бейнелі де бедерлі суреттеп, өмір жырын, уақыт сырын шертеді. Бұл кітапты жас буынның ой танымын байытып, ұлттық тәлім-тәрбие мен бағыт бағдар беруде орны бөлек еңбек деуге болады.

Мекембай Омаровтың халықтың идеясын газет пен журнал беттерінде жарық көрген көптеген мақалаларынан да аңғаруға болады.

Мекембайдың 2002 жылы жарық көрген кітабы «Кітабым шуағым» деп аталады. Бұл бастауыш сынып оқушыларына арналған хрестоматиялық үлгіде жазылған еңбек. Бұл еңбек балалардың ұлттық психологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып жазылған.

Сонымен қатар Мекембай Омаровтың қазақ халқының тәрбиелік даналығы мен тәжірибесі оның ауыз әдебиетінде екенін сезіп, Ташкент маңынан ауыз әдебиетінің үлгілерін жазып алумен шұғылданып, оларды жинап, олардың негізінде «Шанышқылы шежіресі» (2000), «Қазақтың 1001 мақал-мәтелі» (2006) кітаптарын бастырып шығарады. Оның фольклортану саласындағы еңбектерінің ішінде ең оқшау тұратыны Ташкенттегі «Зарқалам» баспасынан жарық көрген «Қазақтың 1001 мақал-мәтелі» атты еңбегі. Бұл еңбегінде ол халқымыздың мағынасы терең мақал-мәтелдері тарихи бір кезеңнің, белгілі бір дәуірдің еншісіне тиесілі етпей, ел ішінен жинаған мақал мен мәтелдердің қыры мен сыры оқыған сайын ашыла түседі, оқырманды толғандырып, ой-өрісін кеңейтеді, көңлін көтеріңкі ойлармен байытады. Ол еңбек туралы Өзбекстан Республикасы «Достық» орденінің иегері Тұрсымат Қалбаев былай дейді: «Мақал-мәтелдердің қай-қайсысы да оқырманды адамдық пен өмір сүруге, бір-біріне қиянат жасамауға, төңірегіндегілерді қадірлеуге, инабатты, әдепті, мейрімді, жомарт болуға, табиғатты сүюге шақырады, жарамсыз мінез бен жаман қылықтардан сақтандырады. Дидактикалық – пәлсапалық сарындағы бұл қанатты сөздерді ата-бабамыздың сөзі және көзі ретінде ардақтағанның аузына май, астына тай. «Білгенім – тоғыз, білмегенім – мың тоғыз» дейді ел мәтелі. Сол айтпақшы, жинап болдық, зереттеп қойдық деп ауыз толтырып айтқанымызбен, «Ел іші -

үйесінің
дебиетте

ымдары
олардың
Оның
ер: адам
жақсы
мектеп
ақыл-

табиғат
сырын
тәлім-

журнал
алады.
Кітабым
арналған
ұлттық

рбиелік
ашкент
данып,
(2000),
арады.
оқшау
көрген
ол
еңнің,
мақал
түседі,
теріңкі
ликасы
Мақал-
те, бір-
батты,
ымсыз
тық –
және
тоғыз,
жинап
іші -

өнер кешімі» екенін ұмытпағанымыз жөн», - деп мақал-мәтелдердің тәрбиелік жағын сөз етеді.

2009 жылы «Жазушы» баспасынан қаламгердің «Ең тәтті алмалар» атты әңгіме-қиссалар жинағы шықты. Бұл кітапқа автордың «Ең тәтті алмалар», «Дүниенің істері», «Жезде мен балдыз», әңгімелерімен «Жәмила», «Құйрықты жұлдыз», «Таңғажайып дүние», «Құрманғазы, Барлас және Құмайтазы» атты қиссалары енген. Аталмыш туындылардың кейіпкерлері – кешегі және бүгінгі ауыл адамдары. Сондай-ақ онда туған жер, Отан, махаббат, мейірім, достық, қоршаған орта сияқты киелі мәселелер сөз етілген.

Қорыта айтарымыз, Мекембай Омаровтың еңбектері ұлттық сана-сезімді, ұлттық намысты, тарихи сананы қалыптастыруда алатын орны мен маңызы ерекше. Сондықтан да М.Омаров халықтық идеяны насихаттауға ерекше еңбек еткен нағыз халық педагогы деуге болады. Оның еңбектері мен ой-пікірлерін жас ұрпақты қазақ халқының ұлттық рухында тәрбиелеу негізіне алынуы, ол үшін оның сол ұлттық тәрбие беру туралы көзқарастары жан-жақты зерттеліп, оқу-тәрбие жұмысында кең қолданыс табуы тиіс. Сонда ғана ұлттық тәрбие – ұлт болашағының негізі бола алады.

Әдебиеттер

1. Кітабым-шуағым: 1-сыныпқа арналған сыныптан тыс оқу кітабы. /Омарұлы М., Адамбаев Т. – Т.: «Ўзбекистон», 2002. – 143 бет.
2. Мекембай Омаров /“Жалын” журналы, №6, 1979. 127-бет.
3. Моминкулов М. Қазақ халық тәрбиесінің педагогикалық негіздері.– Қарағанда. 2005.
4. Омаров М. Махаббат. –Т.: «Шарқ», 1999. – 79 бет.
5. Омаров М. Атамекен. – Алматы: «Нұрлы бейне», 2008. – 182 бет.
6. Омарұлы М. Таудай бол. Т.: «Чўлпон», 2009. – 112 бет
7. Омарұлы М. Қазақтың 1001 мақал-мәтелі. Т:2006
8. Омарұлы М. Ең тәтті алмалар. Т:2008
9. Оразбаев Ж. «Отаным деген азамат ақын». //«Нұрлы жол» газеті 2009 жыл 4 февраль.